

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен келісілі.  
Тораяқ (Тораяқ орынбасары)

2011 жылғы 19 тамыздағы қарар

«Казакхнстрах» АҚ акционерлері кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілді  
2011 жылғы 19 тамыздағы хаттама № 3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН АЖАТТАУ КОМИТЕТІ

№ 22244-1910-АВ

1928 ж. 33 т. 10

№ 22244-1910-АВ

1928 ж. 33 т. 10

981040001082

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН АЖАТТАУ КОМИТЕТІ

№ 14932

14 т. 12

№ 14932

14 т. 12

«ХАЛЫҚ-КАЗАХИНСТРАХ» ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІНІҢ ЕНШІЛЕС  
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

## **1-бап. Жалпы ережелер**

1. «Халық – Казахинстрах» Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібін және органдарының құзыретін, қайта құрылу мен қызметінің тоқтатылу талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерін белгілейді және «Қазақшетақтандыру» шетелдік сақтандыру жөніндегі компания» жабық акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен (2003 жылғы 31 маусымдағы №7 хаттама) «Қазахинстрах» шетелдік сақтандыру жөніндегі компания» акционерлік қоғамының жарғысын ауыстырады.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Халық – Казахинстрах» Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Дочерняя страховая компания Народного банка Казахстана «Халық – Казахинстрах»;

3) ағылшын тілінде: «Halyk – Kazakhinstrakh» subsidiary insurance company of Halyk bank of Kazakhstan» joint stock company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазахинстрах» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Қазахинстрах»;

3) ағылшын тілінде: «Kazakhinstrakh» JSC.

4. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер: 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 109 «В».

5. Интернет желісіндегі Қоғамның корпоративтік сайты: [www.kazakhinstrah.kz](http://www.kazakhinstrah.kz)

## **2-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі**

1. Қоғам: «Қазақшетақтандыру» Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі мемлекеттік компаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның (1996 жылғы 21 мамырда Алматы қаласының Әділет басқармасы берген мемлекеттік қайта тіркеу туралы №6902-1910 МК куәлігі); «Қазақшетақтандыру» шетелдік сақтандыру компаниясы» жабық акционерлік қоғамының (2003 жылғы 21 мамырда Алматы қаласының Әділет басқармасы берген мемлекеттік қайта тіркеу туралы № 22244-1910-АҚ куәлігі); «Қазақшетақтандыру» шетелдік сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (2003 жылғы 12 қарашада Алматы қаласының Әділет басқармасы берген мемлекеттік қайта тіркеу туралы № 22244-1910-АҚ куәлігі) заңды мұрагері болып табылады.

2. Қоғам - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүлдіктік және мүлдіктік емес құқықтарға ие бола алады және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талап қоюшы және жауапкер бола алады.

3. Қоғамның мөрі, атауы жазылған бланкілері және қызметін жүзеге асыруға керекті басқа деректемелері бар.

4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпте Қоғамның орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## **3-бап. Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің принциптері**

1. Қоғамның лауазымды адамдары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жылдың ішінде сақтауға міндетті.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, айқындық негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғы мен Қоғамның ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес, Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

#### **4-бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

2. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттері бойынша жауапкершілікті емес. Акционерлер Қоғам міндеттері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

3. Қоғам мемлекеттің міндеттері бойынша жауап бермейді, дәл солай мемлекет қоғамның міндеттері бойынша жауап бермейді.

#### **5-бап. Қоғамның лауазымды адамдарының жауапкершілігі**

1. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғам немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп процентін иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды адамға оның қоғамға

келтірген зиянды не залалдарды қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қоғам немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп процентін иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан, Қоғамның лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды адамы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғы мен Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды адамы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп процентін иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды Қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің Төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп процентін иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп процентін иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің Төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Қоғам мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органы қабылдаған, Қоғамға не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

4. Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Қоғамның лауазымды адамдары, заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық

жауаптылықтан босатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде Қоғамдардың лауазымды адамдарының міндеттерін, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлер өкілінің міндеттерін орындай алмайды.

5. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды адамдары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

6. Осы баптың мақсаты үшін айқындама деп мыналар түсіндіріледі:

жосықсыз іс-әрекет, яғни нәтижесінде Қоғамға әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген, Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда белгіленген қағидаттарын бұза отырып, ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы Қоғам мүдделерінен тыс шешім қабылдау (мәміле жасасуды ұсыну);

әрекетсіздік, яғни нәтижесінде Қоғамға әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау кезінде Қоғамның лауазымды адамының қалыс қалуы не дәлелді себепсіз дауыс беруге қатыспауы.

#### **6-бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

1. Қоғам сақтандыру ұйымы болып табылады және қызметін Қазақстан Республикасының сақтандыру мен сақтандыру қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

2. Сақтандыру қызметі Қоғам жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі болып табылады.

3. Қоғам «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асырады.

4. Қоғам, сақтандыру қызметінен басқа мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда белгіленген шектеулерді ескере отырып, инвестициялық қызмет;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматизациялау үшін қолданылатын арнайы бағдарламалық қамсыздандыруды сату;

3) сақтандыру және сақтандыру қызметі бойынша арнайы әдебиетті ақпарат тасымалдаушының кез келген түрінде сату;

4) бұдан бұрын Қоғамның қажеттілігі үшін сатып алынған немесе сақтандыру шарттарын жасасумен байланысты оның иелігіне түскен мүлікті сату немесе жалға беру;

5) сақтандыру қызметімен байланысты мәселелер бойынша кеңеснамалық қызмет көрсету;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

7) сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдығы;

8) сақтандыру ұйымдарының арасындағы немесе сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін көрсететін заңды тұлғалар арасындағы ортақ қызмет туралы шарт негізінде жүзеге асырылатын ассистанс;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген, сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесіне қатысу шегіндегі қызмет.

5. Қоғам консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға құқылы.

6. Қоғамға «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделмеген кәсіпкерлік қызмет мақсатында, мәмілелер жасасуға және операциялар жүргізуге тыйым салынады.

7. Қоғам сақтандыру ұйымы таратылған жағдайда сақтанушыға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жасауды

кепілдендіретін қор құруға құқылы. Қордың құрылу тәртібін және қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы реттейді.

8. Қоғамның сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылған жағдайда, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жасауды кепілдендіретін ұйымдарда сақтандыру ұйымдарының міндетті түрде қатысуы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда немесе сақтандырудың міндетті түрлері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделуі мүмкін.

#### **7-бап. Сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы талаптары**

1. Қоғам, сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру қызметін) жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясы, белгілі бір түрі бойынша сақтандырудың жалпы талаптарын белгілейтін сақтандыру ережесі және ішкі ережесі болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Қоғамның ішкі ережесі:

1) Қоғам бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, қызметін және өкілеттігін;

2) ішкі аудит қызметінің және басқа тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін қызметін және өкілеттігін;

3) Қоғамның техникалық (сақтандыру), инвестициялық, несие, операциялық, нарықтық және басқа тәуекелдерді басқару саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

4) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

5) Қоғам атынан және есебінен қызметкерлері мен лауазымдық тұлғаларының мәмілелер жасауы кезіндегі өкілеттігін;

6) сақтанушылардың (сақтандырылушылардың), жәбірленушілердің (пайда алушылардың) және олардың өкілдерінің жазбаша және ауызша өтінімдерін, сондай-ақ сақтандыру жағдайларының мәселелері бойынша түскен өтініштері мен құжаттарын тіркеу тәртібін;

7) сақтандыру жағдайларының мәселелері бойынша өтініштер мен құжаттарды қарастыру және сақтанушыларға (сақтандырылушыларға), жәбірленушілерге (пайда алушыларға) және олардың өкілдеріне жауап беру тәртібін және мерзімдерін;

8) оны жүзеге асыру мерзімдерін көрсетіп, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау немесе сақтандыру төлемінен бас тарту себептерінің негіздемелі уәждемесін ұсыну процедурасын;

9) сақтандыру тәуекелдерін (оның ішінде сақтандыруға қабылданатын мүлікті) және сақтандыру жағдайы бойынша залалдың мөлшерін анықтау тәртібін;

10) андеррайтер, аджастер және сюрвейердің өкілеттігін белгілейді.

3. Қоғамның ішкі ережесі мен сақтандыру ережесін Директорлар кеңесі бекітеді.

4. Қоғамның штатында актуарий болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ. Қоғам актуарийінің басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында қатар қызмет атқаруға құқығы жоқ.

#### **8-бап. Қоғамның мүлкі және капиталы**

1. Қоғамның мүлкі:

1) акционерлердің акцияларды төлеу мақсатында берген мүлкі;

2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табысы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған басқа да мүлік есебінен құрылады.

#### **9-бап. Сақтандыру резервтері**

1. Сақтандырудың және қайта сақтандырудың қолданылып жүрген шарттары бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Қоғамның актуарий есептеген көлемде қалыптасқан сақтандыру резервтерінің болуы міндетті.

2. Сақтандыру және қайта сақтандырудың қолданыстағы шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты сақтандыру төлемдерінің қаражаты.

3. Сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесін қалыптастыруға және олардың құрылымына, соның ішінде қызметі лицензиялануға тиіс қоғамдарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

#### **10-бап. Акциялар. Бағалы қағаздарды орналастыру талаптары**

1. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы. Қоғам акциялары құжатсыз нысанда шығарылады.

2. Жай акция, акционерге акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауда дауыс құқығымен қатысуға, қоғамның таза пайдасы болған жағдайда дивидендтер алуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамды тарату барысында оның мүлкінің бір бөлігін иеленуге құқық береді.

3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жылдық нәтижелер бойынша жүзеге асырылады.

4. Акцияларды шығару, орналастыру, айналым, сонымен қатар жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

5. Қоғамның акциялары орналастырылған кезде тек қана ақшамен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленуге тиіс.

6. Егер осы мәміле нәтижесінде Қоғамның қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттілігі мәселелеріне қатысты заңнама талаптары бұзылмайтын болса, Қоғам уәкілетті органның рұқсатымен, оларды қадағалауға құқылы акционерлерден өз акцияларын сатып алуға құқығы бар.

7. Қоғамның алтын акция немесе артықшылықты акциялар шығаруға құқығы жоқ.

#### **11-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары**

1. Қоғамның акционері:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алуға;

10) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім

қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге құқылы.

2. Ірі акционер, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.

3. Акционерлердің Жарғының осы бабының 1- және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

4. Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие бола алады.

### **12-бап. Қоғам акционерлерінің міндеттері**

1. Қоғамның акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Акционердің Жарғының осы бабының 1-тармағының 2)-тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

### **13-бап. Таза пайданы бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер**

1. Қоғамның таза пайдасы (бюджетке салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның ұйғарымына қалады және акционерлердің жалпы жиналысы шешімінде белгіленген тәртіппен бөлінеді, оның ішінде дивидендтер төленеді. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде бекітілген мақсаттарға қолданылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу қолайсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша сондай-ақ егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату жөнінде шешім қабылдаса дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

3. Жыл қорытындылары бойынша дивиденттер мөлшері бір акцияға деген есеппен Акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

4. Қоғам таза пайдадан белгілі бір процентті алып жұмыскерлер арасында ақшалай сыйақы ретінде бөлуге құқылы. Ақшалай сыйақының төлемінің жалпы мөлшері мен тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

5. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) жеке капиталдың теріс мөлшері болғанда немесе акциялар бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде қоғамның жеке капиталы теріс болатындай болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сай төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі нышандарын көрсетсе, немесе ондай нышандар

акциялар бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болатындай болса дивидендтерді есептеуге тыйым салынады.

#### **14-бап. Қоғамның органдары**

Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

#### **15-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы**

1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде өткізілуге тиіс.

#### **16-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу не оны жаңа басылымда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын және уәкілеттіктер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы көлемі мен төлем талаптарын анықтау;

7) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

9) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның жылдық қорытындылары бойынша бір жай акцияға есептегендегі дивиденд көлемін бекіту;

10) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 5-тармағында бекітілген жағдайлар орын алған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

11) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның жиынтығы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын активтерінің бір не бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) акционерлердің жалпы жиналысын жинау туралы Қоғам акционерлерінің хабарлама нысанын айқындау және осындай ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) Акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау, егер ондай тәртіп Қоғам жарғысында айқындалмаса;

17) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының осы баптың 1-тармағы 1)-4)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан алғандағы білікті көпшілікпен қабылданады.

3. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

4. Акционерлік қоғамдар туралы заңнамада, осы Жарғы және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізудің тәртібі белгіленген, соның ішінде:

1) акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайталама жиналысын шақыру тәртібі;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы тұлғалардың тізімін жасау;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы акционерлерді құлақтандыру;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін құру және оған кіретін мәселелер бойынша материалдар даярлау;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау;

6) есеп комиссиясын құру және қызметі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауы;

9) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру;

10) Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын жасау.

#### **17-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі**

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

1) Қоғам Басқармасы;

2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

4. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

5. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

**18-бап. Ірі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері**

1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Қоғамның атқарушы органының орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

2. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он) күн ішінде шешім қабылдауға және мұндай шешімді қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Ірі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және жүргізу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен анықталады.

**19-бап. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.

2. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.

**20-бап. Жалпы жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны**

1. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

2. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізу уақыты жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, санын есептеуді және оның кворумын айқындауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

**21-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**

1. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнгізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнгізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі болуға тиіс.

4. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш беру және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

#### **22-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізу**

1. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

2. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс.

3. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

#### **23-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей немесе осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

2. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

4. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін сырттан дауыс беру арқылы өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

6. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

#### **24-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс.

2. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға аффилиирленгені туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғамның директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда мыналар: директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер не Қоғамның акционері емес және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам болып табылса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Қоғамның дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуге және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Қоғамның Басқармасы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

#### **25-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы**

1. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін

акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

3. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

#### **26-бап. Акционерлердің жалпы жиналысындағы өкілдік**

1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғам органдары мүшелерінің, сондай-ақ өзге де қызметкерлердің акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

#### **27-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Жарғыға және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.

2. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамда есеп комиссиясының қызметін жиналыс хатшысы атқарады.

3. Қатысып өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында, Қоғамның коммерциялық құпиясы болып табылмайтын мәселелерді талқылаған кезде Қоғамның акционерлері болып табылмайтын адамдар қатыса алады. Көрсетілген тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көтерілетін мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Мұндай тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысында сөйлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Қоғам қызметін реттеу мен қадағалау мақсатында уәкілетті орган Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін өзінің өкілін жіберуге құқылы.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарманың мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

6. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның өкілі қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

7. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

9. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

#### **28-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам - акционер осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуға тиіс.

Жеке адам - акционердің не заңды тұлға - акционер басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

6. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

7. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

## **29-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру**

1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

2. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

3. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта - қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілетін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс.

Бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде:

1) мәселенің тұжырымдалуы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның рет нөмірі;

2) мәселелер бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны болуға тиіс.

4. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алу

туралы Қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есепке алынады.

### **30-бап. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама**

1. Дауыс беру қорытындылары бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

2. Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

3. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

4. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

5. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындысы немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері «Заң», «Юридическая газета» газеттерінде немесе Қоғамның Интернет желісіндегі WEB-сайтында жарияланады немесе акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 10 (он) күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлама жөнелтіледі.

### **31-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;

3) қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;

8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

11) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Жалпы жиналыста Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда, жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі хаттамаға қол қояды.

4. Осы баптың 3-тармағында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Қоғам Басқармасында сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

### **32-Бап. Қоғамның Директорлар кеңесі**

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және осы Жарғы Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызған мәселелерді қоспағанда, жалпы Қоғам қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі басқарады.

2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

7) Қоғамның белігіленген кезеңге бизнес жоспарын, Қоғамның күрделі қаржы жұмсалымының жоспарын және бюджетін бекіту;

8) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғам басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

10) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде

аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

18) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

19) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

21) аудиторлық ұйым, ішкі аудит қызметінің немесе актуарийдің аудиторлық есебінің негізінде белгіленген, Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлемге қабілеттілігі бойынша заңнама талаптарының бұзылуымен байланысты мәселелерді қарастыру;

22) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерінде және осы Жарғыда және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

3. Тізбесі осы баптың 2-тармағында белгіленген мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

4. Қоғамның осы Жарғысына сәйкес оның Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5. Директорлар кеңесін сайлау және қызмет тәртібі, оның ішінде:

1) құрамы және құзыреттілік мерзімі;

2) мәжілісті шақыру және өткізу тәртібі;

3) дауыс беру және мәжіліс хаттамасын рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

### **33-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері**

1. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды мәселелерін қарау және ұсынымдарын дайындау үшін жария компанияларда:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

3. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

#### **34-бап. Директорлар кеңесінің құрамы**

1. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционер - жеке адамдар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) басқа адамдар (осы баптың 5-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

3. Қоғамның Директорлар Кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері мен оның төрағасынан тұрады, олардың әрқайсысы дауыс беру кезінде бір дауысқа ие.

4. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

5. Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

6. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарманың мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

7. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Акционерлердің жалпы жиналысымен айқындалады. Мұндайда, Директорлар кеңесі мүшелерінің саны, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының 30% (отыз процентінен) кем емес тәуелсіз директорларды қосып алғанда, 3 (үш) адамнан кем және 9 (тоғыз) адамнан артық болмауға тиіс.

8. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында белгіленеді.

9. Директорлар кеңесінің мүшесі болып:

1) жоғарғы білімі жоқ;

2) кіршіксіз іс атағы болмаған;

3) уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сондай-ақ банкрот деп тану немесе қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдағанға дейінгі бір жыл ішінде ғана қаржылық ұйымның директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқармасының бірінші басшысы және орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Аталған талап, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы

ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сондай-ақ банкрот деп тану немесе қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады;

4) басқа қаржы ұйымының басқарушы қызметкерінің лауазымында болған кезінде басқарушы қызметкер лауазымына тағайындалуына (сайлануына) берілген келісім қайтарылып алынған тұлға директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Аталған талап, уәкілетті орган басқарушы қызметкер лауазымына тағайындалуына (сайлануына) берілген келісімді қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейінгі соңғы он екі ай ішінде қолданылады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа шектеулер.

### **35-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

1. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

4. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

### **36-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы**

1. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

2. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің отырысына қатысушы оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

### **37-бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

1. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғамның Басқармасының бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен, Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

3. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

4. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

5. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар тіркелген Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын, ал ерекше жағдайларда кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын беріледі.

Директорлар кеңесіне хабарлама жөнелту мерзімі Директорлар кеңесіне қарауға шығарылатын мәселелердің сипаты мен жеделдігіне байланысты Директорлар кеңесі Төрағасының қарауына қарай өзгертілуі мүмкін.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

6. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

### **38-бап. Директорлар кеңесінің отырысы**

1. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес мөлшерде тәуелсіз директорлар ұсынылуға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

2. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда басқалай қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Қоғам Директорлар кеңесінің өзге мүшесіне беруге жол берілмейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің ол болмаған кезде Директорлар кеңесінің қандай-да бір отырысына қатысуы үшін өкіл тағайындауға құқығы жоқ.

Дауыстар саны тең болған кезде, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болады.

3. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруді жүргізу және сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

5. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде

жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

### **39-бап. Қоғамның Басқармасы**

1. Қоғамның Басқармасы Басқарма Төрағасы мен оның мүшелерінен тұрады. Қоғам Басқармасының сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесімен айқындалады. Қоғам Басқармасы Қоғамның Директорлар Кеңесі сайлайтын (тағайындайтын) Қоғам Басқармасының Төрағасымен басқарылады.

2. Басқарма мүшелігіне тек жеке адам ғана сайлана алады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесі және (немесе) Қоғамның акционерлері ұсынған адамдардың ішінен сайланады.

3. Басқарма Төрағасы мен оның мүшелері лауазымға уәкілетті органның келісімімен сайланады. Қоғам Басқармасының мүшесі лауазымына Қазақстан Республикасының заңнамасы қоятын талаптарға жауап бермейтін адам сайлана алмайды.

4. Қоғам Басқармасы мүшесінің қызметтерін, құқықтарын және міндеттерін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілері, осы Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттары, сондай-ақ Қоғам және белгіленген тұлға арасындағы жасалған еңбек шарты анықтайды. Қоғам атынан Қоғам Басқармасының Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы не Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Қоғам атынан Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды. Басқарма мүшесінің басқа ұйымдарда лауазым иесі болуы тек Қоғам Директорлар кеңесінің келісімімен рұқсат етіледі.

5. Қоғам мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің рұқсатымен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Қоғам Басқармасының Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жүзеге асыратын тұлға ретінде немесе атқарушы орган басшысының лауазымында жұмыс атқара алмайды.

6. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарма мүшелерінің уәкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

7. Қоғам Басқармасын сайлау және қызмет тәртібі, оның ішінде:

- 1) құрамы және құзыреттілік мерзімі;
- 2) мәжілісті шақыру және өткізу тәртібі;
- 3) дауыс беру және мәжіліс хаттамасын рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

### **40-бап. Қоғам Басқармасының құзыреті**

1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайтын атқарушы орган – Қоғам Басқармасы жүзеге асырады, сонымен қатар:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің талқысына Қоғамның даму стратегиясын әзірлейді және шығарады;

2) өзге органдардың бекіту құзыретіне жататын құжаттарды санамағанда, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекітеді;

3) Директорлар кеңесінің талқысына Қоғамның бизнес-жоспарын, капитал салымдары мен белгілі бір кезеңге бюджетті әзірлейді және талқыға шығарады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына қаржылық есептілікті береді (бухгалтерлік баланс, кіріс пен шығыс туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі туралы заңнамасына сәйкес өзге есептілік);

5) жылжымайтын мүлік объектілерімен мәміле жасасу туралы шешімдерді қабылдайды, егер бұл мәселеге қатысты шешімді қабылдау осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмайтын жағдайларды санамағанда;

6) егер заемдарды алу Қоғамның кәдімгі шаруашылық қызметіне жатпаса және Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатпаса, Қоғамның заемдарды алу мәселелерін қарастырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғамның филиалдары мен өкілдіктеріне бірінші басшыларды тағайындау (сайлау) туралы шешімдерді қабылдайды;

8) Қоғамның құрылымы мен штат кестесін бекітеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін және өз құзыреттілік шегінде сөгіс жариялау мен ынталандыруларды реттейтін ішкі ережелерді бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұжымдық шарттарды жасасу туралы шешімдерді қарастырады және қабылдайды.

2. Қоғамның Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген, Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша өзге шешімдерді қабылдайды.

#### **41-бап. Қоғам Басқармасының қызметін ұйымдастыру тәртібі**

1. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай, алайда Басқарма мүшесінің кез келгенінің бастамасымен, айына екі реттен көп емес шақырылады.

2. Қоғамның Басқарма отырыстарын дайындау және күн тәртібіндегі мәселелерді қалыптастыруды Басқарма хатшысы Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады. Басқарма Отырысының күн тәртібі Басқарма Төрағасымен бекітіледі.

3. Басқарма отырысын Қоғамның Басқарма Төрағасы жүргізеді.

4. Қоғам Басқармасының отырысын өткізу үшін кворумы Қоғам Басқармасының мүшелерінің санының жартысынан кем қатыспауы болып табылады.

5. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарманың құзыретіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдері, Басқарманың отырысына қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және Басқарма хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар саны тең болған кезде Басқарма төрағасының дауысы шешуші дауыс болады.

6. Басқарманың мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Қоғам Басқармасының отырысына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте сұрау жолы арқылы қабылдана алады.

8. Басқарма отырысында қатысып қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Басқарманың әр мүшесінің Басқарма отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Басқарманың шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

9. Басқарма отырыстарының хаттамаларын жүргізуді отырыс хатшысы жүзеге асырады.

10. Басқарма мүшесі Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда оның талап етуге құқығы бар, ал хатшы ерекше пікірді хаттамаға енгізуге міндетті.

11. Қоғам Басқармасының шешімі хаттама ретінде ресімделеді, оған отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қояды.

#### **42-бап. Қоғамның Басқарма Төрағасының өкілеттілігі**

Қоғам Басқармасының төрағасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамға өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды (акционерлік қоғамдар туралы заңнамада белгіленген жағдайларды санамағанда) жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық қызментақыларының көлемін белгілейді, Қоғам Басқармасының құрамына кіретін қызметкерлер мен Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақы көлемдерін анықтайды;

5) өзі жоқ болған жағдайда, өзінің міндеттерін атқаруды Қоғам Басқармасының мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершіліктер аясын бөледі;

7) Қоғам жарғысы және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

#### **43-бап. Ішкі аудит қызметі**

1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін, Қоғамның ішкі аудит қызметі құрылуға тиіс.

2. Ішкі аудит қызметінің құрамы 3 мүшеден кем болмауы тиіс және ол Қоғамның дербес жекеше құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ішкі аудит қызметі Қоғамның тұрақты түрде іс-әрекет жасайтын коллегиялық органы болып табылады, оның жұмысы ішкі аудит қызметінің отырыстарын өткізусіз жүзеге асырылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері үшін қойылатын міндетті талап жоғары немесе арнайы орта білім, сондай-ақ қаржы секторындағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес.

3. Ішкі аудит қызметінің құрылымы, мүшелер саны, мақсаттары, қызметтері және өкілеттіктері Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі ережелерінде айқындалады.

4. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды, сондай-ақ Қоғамның басқа бөлімшелерінде жұмысты қоса атқара алмайды.

5. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өзінің жұмысы жөнінде оған есеп береді.

6. Ішкі аудитты жүргізу тәртібі уәкілетті органдардың талаптары ескерілген, Қоғамның тиісті ішкі құжаттарымен айқындалады.

#### **44-бап. Қоғамның қаржылық (операциялық) жылы. Есепке алу және есептілік**

1. Қоғамның қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Қоғам жүргізетін операцияларын есепке алуды қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3. Қоғамның бухгалтерлік есепке алу саясатын Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

4. Қоғамның бухгалтерлік есептілігін жүргізудің және қаржылық есептілігін құрастырудың тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен бекітіледі.

5. Қаржылық және басқа есептілік берудің тізімін, нысанын, мерзімін және тәртібін, сондай-ақ жылдық қаржылық есебін жариялаудың мерзімін Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілейді.

#### **45-бап. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі**

1. Қоғам Басқармасы жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес аудит жасалған өткен жылғы қаржылық есептілікті береді. Қоғам Басқармасы қаржылық есептіліктен басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есептілікті береді.

2. Қоғамның жылдық қаржылық есебін Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы болатын күннен отыз күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есебі ақырғы рет Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекітіледі.

3. Қоғамның жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын тексеру және бекіту үшін Қоғам өз қызметінің жылдық міндетті аудитін өткізеді. Жыл қорытындылары бойынша аудиторлық есеп жылдық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Сақтандыру резервтері бойынша міндетті актуарий қорытындысы Қоғамның жылдық қаржылық есебінің ажырамас бөлігі болып табылады және уәкілетті органға берілуі қажет.

5. Уәкілетті орган белгілеген мерзім ішінде немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте және мерзімде, Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларда, Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат жылдық қаржылық есептілікке түсіндерме жазбада қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес ашылады. Қоғам активтерінің мөлшерінен он және одан артық процентті құрайтын сомаға мүлік сатып алу не оны иеліктен шығару мәмілесі туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімі және шарттары, сипаты және кірістірілген тұлғалардың үлес көлемі, сондай-ақ мәміле туралы басқа мәліметтерді құрауға тиіс.

#### **46-бап. Қоғамның ақпаратты ашуы**

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысты қызметі туралы ақпаратты акционерлерінің назарына жеткізеді.

Қоғам, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты білетін Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат ол пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).

Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) қоғам алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

2. Қоғам, акционердің талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмесін акционерге беруге міндетті.

3. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғам Басқармасына жазбаша нысанда өтініш береді. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркелуі керек. Қоғам акционердің өтініш берген күнінен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмесін) акционерге беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмесін беру ақысының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжат көшірмесін жасауға және акционерге құжатты жеткізуге байланысты жұмсалған шығындар құнынан аспауы тиіс.

4. Қоғам жыл сайын Қоғам қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті. Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдары және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

5. Қоғамның қызметі туралы ақпарат «Заң», «Юридическая газета» газеттерінде және (немесе) Қоғамның Интернет желісіндегі WEB-сайтта [www.kazakhinstrakh.kz](http://www.kazakhinstrakh.kz) жарияланады.

#### 47-бап. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

1. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

2. Қоғам аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.

3. Қоғамның акционерлері мен лауазымдық тұлғалары аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде береді:

Жеке тұлғалар туралы						
Аты-жөні (болса)	Жеке тұлғаның жеке басын және мекенжайын куәландыратын құжаттардың мәліметтері, деректері	Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН)	Туған күні	Аффилирлігін танудың негізі	Аффилирлігінің пайда болу күні	Ескерту

Заңды тұлғалар туралы						
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, заңды тұлғаның пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері	Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН)	Аффилирлігін танудың негізі	Аффилирлігінің пайда болу күні	Ескерту	

4. Қоғамның акционерлері және афилирленген тұлғалары, афилирленген тұлғалар туралы ақпаратты тұлғаларды афилирленген деп тану негізі туындаған (жойылған) немесе акциялар алған (Қоғамның лауазымды тұлғаларымен еңбек шарты жасалған) күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде береді.

5. Қоғам өзінің афилирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға белгіленген тәртіппен беруге міндетті.

#### **48-бап. Қоғамның қайта құрылуы**

1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

2. Қоғамды ерікті қайта құру Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, тиісті заңнамалық актілерде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

3. Қоғамды ерікті қайта құру уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Сақтандыру қызметін жүзеге асырмайтын заңды тұлға ретінде ерікті қайта құрылуға рұқсат алған кезде, Қоғам апталық мерзімде бұрын берілген бүкіл лицензияларды уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

4. Қоғамды мәжбүрлеп қайта құру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **49-бап. Қоғамның таратылуы**

1. Қоғамның таратылуы оның ішінде банкрот болу негізінде таратылуы, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғам:

1) уәкілетті органның рұқсаты бар болса, акционерлерінің шешімі (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот шешімі негізінде таратылуы мүмкін.

3. Кредиторлардың мүдделерін қорғау және Қоғамды ерікті және міндетті таратуға, олардың қатысуымен шешім қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Таратылатын Қоғамның кредиторлар комитетінің құрамын Қоғамның тарату комиссиясының ұсынысымен уәкілетті орган бекітеді.

4. Кредиторлар комитетін қалыптастыру мен қызмет ерекшеліктерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері белгілейді.

#### **50-бап. Қоғамды ерікті таратудың ерекшеліктері**

1. Акционерлердің жалпы жиналысы оны ерікті тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін Қоғам өзі жасасқан сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша Қоғамның міндеттемелерінен тұратын сақтандыру портфелін берілетін сақтандыру сыныптары бойынша лицензиясы бар және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беру жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

Сақтандыру портфелін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Сақтандыру портфелін бергеннен кейін Қоғам уәкілетті органға өзін ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы.

2. Ерікті таратуға рұқсат алған кезде, Қоғам апталық мерзімде бұдан бұрын берілген барлық лицензияларды уәкілетті органға қайтаруға тиісті.

3. Уәкілетті органнан ерікті таратуға рұқсат алғаннан кейін, Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссиясын құрады, оған заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның мүлкі мен істерін басқару құзыреті өтеді.

4. Ерікті таратылатын Қоғамның тарату комиссиясы уәкілетті органның сұранысы бойынша өзінің қызметі мен таратылатын Қоғамға қатысты кез келген деректі және мәліметтерді беруге міндетті.

5. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға қаржы жетпеген жағдайда, Қоғам банкрот негізінде мәжбүрлеп таратылады.

6. Ерікті таратылатын Қоғамның тарату комиссиясы қызметінің ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

### 51-бап. Қоғамды мәжбүрлеп таратудың ерекшеліктері

1. Қоғам мәжбүрлеп таратылатын жағдайда, сот уәкілетті органға хабарлайды және он күн ішінде Қоғамды мәжбүрлеп тарату туралы шешімнің көшірмесін жібереді.

2. Соттың Қоғамды мәжбүрлеп тарату туралы шешімді қабылдауы уәкілетті органның лицензиясын кері шақыртып алуға байланысты болмаған жағдайда, уәкілетті орган заңда белгіленген тәртіппен оның лицензиясын кері шақырту туралы мәселені қарайды.

3. Қоғамның банкрот негізінде таратылуы сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнама талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

4. Қоғамды тарату, оның ішінде банкрот негізінде тарату туралы шешімді шығарғаннан кейін сот тарату өндірісін бастайды және уәкілетті органға Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссиясын құру міндеттерін жүктейді.

Мәжбүрлеп таратылатын Қоғамның тарату комиссиясын тағайындау тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

5. Таратылатын Қоғамның аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізімін құзыретті орган бекітеді.

6. Қоғамның тарату, конкурстық массасы сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен айқындалған ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылады.

7. Қоғам заңнамада белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша ғана банкрот деп танылады. Дәрменсіз Қоғамның соттан тыс тәртіппен кредиторлардың және Қоғамның өзінің шешімімен таратуына жол берілмейді.

### 52-бап. Таратылатын қоғам мүлкінің акционерлері арасындағы бөлінуі

1. Таратылатын қоғамның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін акционерлер арасында бөлуді тарату комиссиясы мынадай кезектілікпен жүзеге асырады:

1) бірінші кезекте - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алынуға тиіс болатын акциялар бойынша төлемдер;

2) екінші кезекте - жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу.

Қалған мүлік барлық акция иелері арасында, оларға тиесілі акциялар санына сай пропорционалды түрде бөлінеді.

2. Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

### 53-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда, Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен, мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.



Басқарма Төрағасы

С.Н. Имангазин

Согласовано с Комитетом по контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций Национального Банка Республики Казахстан  
Председатель (заместитель Председателя)



*Handwritten signature*

Утвержден  
решением внеочередного общего собрания акционеров  
АО «Казакхнстрах»  
протокол от 19 августа 2011 года  
№ 3

«09» ноября 2011 года

**УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ДОЧЕРНЯЯ СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ НАРОДНОГО БАНКА КАЗАХСТАНА  
«ХАЛЫК - КАЗАХИНСТРАХ»**

Республика Казахстан, город Алматы, 2011 год

## **Статья 1. Общее положения**

1. Настоящий Устав Акционерного общества «Дочерняя страховая компания Народного банка Казахстана «Халык – Казахинстрах» (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условие реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан, и заменяет собой Устав Акционерного общества «Компания по иностранному страхованию «Казахинстрах», утвержденного общим собранием акционеров Закрытого акционерного общества «Компания по иностранному страхованию «Казахинстрах» (протокол №7 от 31 июля 2003 года).

2. Полное наименование Общества:

1) на государственном языке: «Халық - Казахинстрах» Қазақстан Халық банкінің елшілес сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;

2) на русском языке: Акционерное общество «Дочерняя страховая компания Народного банка Казахстана «Халык - Казахинстрах»;

3) на английском языке: «Halyk – Kazakhinstrakh subsidiary insurance company of Halyk bank of Kazakhstan» joint stock company.

3. Сокращенное наименование Общества:

1) на государственном языке: «Казахинстрах» АҚ;

2) на русском языке: АО «Казахинстрах»;

3) на английском языке: «Kazakhinstrakh» JSC.

4. Место нахождения исполнительного органа Общества: 050008, Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, пр. Абая, 109 «В»;

5. Корпоративный сайт Общества в сети Интернет: [www.kazakhinstrakh.kz](http://www.kazakhinstrakh.kz).

## **Статья 2. Юридический статус Общества**

1. Общество является правопреемником: Государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственная компания по иностранному страхованию Республики Казахстан «Казахинстрах» (свидетельство о государственной перерегистрации № 6902-1910 ГП от 14 октября 1996 года, выданное Управлением Юстиции города Алматы); Закрытого акционерного общества «Компания по иностранному страхованию «Казахинстрах» (свидетельство о государственной перерегистрации № 22244-1910-АО от 21 мая 2003 года, выданное Управлением Юстиции города Алматы); Акционерного общества «Компания по иностранному страхованию «Казахинстрах» (свидетельство о государственной перерегистрации № 22244-1910-АО от 12 ноября 2003 года, выданное Управлением Юстиции города Алматы).

2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные имущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

3. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

4. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

5. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

6. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

## **Статья 3. Принципы деятельности должностных лиц Общества**

1. Должностные лица Общества:

1) выполняют возложенные на них обязанности добросовестно и используют способы, которые в наибольшей степени отражают интересы Общества и акционеров;

